

Иондаушы сәулелену көздерін Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 8 қыркүйек N 1361

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан алюминийі" ашық акционерлік қоғамына (Павлодар қаласы, Қазақстан Республикасы) "W&W Welter GmbH" фирмасымен (Германия ;Федеративтік Республикасы) 1998 жылы 4 мамырда жасасқан N 05-98 шартқа сәйкес жалпы активтілігі 1300 милликюри (СЭҚ ТН коды 2844), 6 Со-60 иондалған сәулелену көзін Германия Федеративтік Республикасынан Қазақстан Республикасына әкелуге р ұ қ с а т е т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

1) "Қазақстан алюминийі" ашық акционерлік қоғамына жоғарыда көрсетілген өнімдердің импортына лицензия берсін;

2) Қазақстан Республикасы бақылаушы органдарының әкелінетін өнімнің түпкілікті пайдаланылуын тексеруге қол жеткізуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен өнімнің кедендік бақылануын және оның кедендік ресімделуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК